

# **AlcoStop 8000S**

**Деммен шығарылатын ауадағы этанол  
буларын талдағыш**

## **ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

4.2.1 нұсқасы

*Құрылғыны пайдалану алдында осы нұсқаулықпен  
танысып шығыңыз.*

[www.justec.cn](http://www.justec.cn)

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	<b>3</b>
<b>ӨНДІРІСТІК ФУНКЦИЯЛАР ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ</b> .....	<b>3</b>
<b>ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ</b> .....	<b>4</b>
<b>НЕГІЗГІ МӘЗІР</b> .....	<b>5</b>
<b>ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ</b> .....	<b>12</b>
<b>КҮТІМ ЖӘНЕ САҚТАУ</b> .....	<b>17</b>
<b>АККУМУЛЯТОР ЖӘНЕ ЗАРЯДТАУ</b> .....	<b>17</b>
<b>БҰЗЫЛЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ</b> .....	<b>18</b>
<b>ТЕХНИКАЛЫҚ АЙРЫҚШАЛАМА</b> .....	<b>21</b>

## **КІРІСПЕ**

1. Осы Пайдаланушы нұсқаулығы мұқият түрде әзірленді. Нұсқаулықта қандай да кателер немесе дәлсіздіктер анықталған жағдайда, кейін түзету мақсатында, бұл туралы хабарлауыңызды өтінеміз.
2. Осы Пайдаланушы нұсқаулығына авторлық құқық Justec Shenzhen Co., Ltd компаниясының меншігінде.
3. Құрылғымен жұмыс істеу алдында осы Пайдаланушы нұсқаулығының мазмұнымен мұқият танысып шығыңыз!
4. Құрылғының жұмысы оны пайдалану және техникалық күтім жасау шарттарына байланысты.
5. Калибрлеу және техникалық күтім тек жергілікті заңнаманың талаптарына сәйкес авторландырылған мамандармен ғана жүзеге асырылуы тиіс.
6. Техникалық күтімді тек уәкілеттендірілген сервистік мамандар орындауы керек.
7. Жөндеу үшін тек Justec ShenZhen Co., Ltd компаниясымен өндірілген түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді ғана пайдалануға рұқсат етіледі.
8. Құрылғыда қолданылатын сенсордың құрамында химиялық зат болады, және ол жергілікті талаптарға сәйкес кәдеге жаратылуы керек.

## **ӨНДІРІСТІК ФУНКЦИЯЛАР ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ**


1. AlcoStop 8000S құрылғысы деммен шығарылатын ауадағы этанол буларын талдағыштардың жаңа буынына жатады (бұдан әрі «алкотестерлер»). Бұл құрылғыда ең жаңа технологиялар қолданылады.
2. AlcoStop 8000S құрылғысында өзге заттармен реакцияға түспейтін, жылдам әсер ететін отын ұяшығы негізіндегі сенсор қолданылады.
3. Тексерілетін адам алкотестерге ауа үрлеген кезде, құрылғы деммен шығарылатын ауа көлемін бақылап, өлшейді.
4. Соның арқасында іріктеу мен талдауға тек өкпенің тереңінен келіп түсетін ауа қабылданатыны кепілдендіріледі, бұл қандағы этанол құрамының дұрыс көрсетілуін қамтамасыз етеді.
5. Сканерлеу Режимінің (Scan Mode) патенттелген технологиясын жүргізушілерді мас күйінде көлік айдау тұрғысынан тексеру үшін қолдануға болады.
6. AlcoStop 8000S құрылғысы небары үш батырманың көмегімен оңай басқарылады.
7. Сенсорлық экранмен жабдықталған AlcoStop 8000S құрылғысы әртүрлі хабарламалар енгізуге мүмкіндік береді.
8. AlcoStop 8000S құрылғысы баспа нәтижелерін оңай сақталуын қамтамасыз ететін термографиялық принтермен жабдықталған.
9. Құрылғының 50 000 оқиғаны сақтайтын деректер жадысы, сондай-ақ USB порты бар. Деректерді принтерде басып шығаруға, немесе дербес компьютерге жіберуге болады. ДК-ге арналған бағдарламалық жасақтама пайдаланушыға құрылғыны калибрлеу, икемдеу және күтім жасау бойынша жұмыстарды орындауға мүмкіндік береді.

10. AlcoStop 8000S құрылғысы бір дем шығарудағы этанол деңгейін жылдам әрі дәл өлшеу үшін әзірленген. Ол этанол құрамын кәсіби анықтау үшін қолайлы.
11. Сканерлеу режимі жылдам тексеру үшін ыңғайлы, ал Белсенді дәлелді тестілеу үшін қолданылады.

## ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ



## Желдету тесігі




## СИМВОЛДАР

Символ	Сипаттамасы
	Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы
	Зарядтау процесі
<b>17:31</b>	Сағат
	Енгізу батырмасы
	Қуат батырмасы
	Төмен/Жоғары батырмасы

Символ	Сипаттамасы
	Назар аудару
	Өндірілген күні
	Өндіруші
<b>PN</b>	Өнімнің нөмірі
<b>SN</b>	Сериялық нөмір
	Өнім бойынша кәдеге жарату ережелері

## НЕГІЗГІ МӘЗІР

Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы



Сағат


Қосалқы мәзір

Функциялар өрісі

Бұл құрылғы сенсорлық экранмен жабдықталған, Сіз мәзір пәрменіне кіріп, экранға басу арқылы оны басқара аласыз.




## Сканерлеу режимі (Scan Mode)



- Сканерлеу режимінің мақсаты қоршаған ауадағы этанолды анықтау болып табылады.
- Бұл режимді дәл өлшеу үшін қолдануға болмайды. Өлшеу көрсеткіші тек ауада этанолдың бар-жоғын көрсетеді. Дәлелді қолдану үшін дәл өлшеулер өткізуге мүмкіндіктер беретін Белсенді режимді (Active Mode) қолданыңыз.
- Сканерлеу режимінде пайдалану үшін мүштікті қолдану керек емес.




## Белсенді режим (Active Mode)



- Құрылғыны Белсенді режимде пайдалану үшін алдымен мүштікті орнату керек. Бұл дәлелді мәні бар өлшеулерді өткізу үшін қажет.
- Сканерлеу режимінің мақсаты қандағы этанол концентрациясын дәл тексеру болып табылады.



## Болдырмау режимі (Refuse Mode)




- Бұл құрылғы батырмаларды немесе сенсорлық экранды пайдалана отырып, машина нөмірін, полицей нөмірін және жүргізуші куәлігінің нөмірін, сондай-ақ орналасқан жері туралы деректерді енгізуге мүмкіндік береді.
- «Back» (Артка) батырмасын басқан кезде, хабарламаның сақталуын болдырмайды.
- «Print» (Баспа) батырмасын басып болдырмау бойынша ақпаратты басып шығаруға мүмкіндік береді.
- Ақпаратты енгізіп болған соң, «OK» (Растау) батырмасын басып, хабарламаны сақтауға болады, сіз тестілеуден бас тарту туралы хабарламаны ашу немесе басып шығару үшін, «Main Menu -> Record» (Негізгі Мәзір -> Жазу) мәзіріне орала аласыз.




## Жазу (Record)



- Оқиғалар туралы жазулар Жазбаларда (Record) сақталады, бұған өлшеу деректері, жазбаның күні, уақыты және нөмірі жатады.
- Пайдаланушы бұл мәзірде алдыңғы өлшеулердің кез келгенін, соның ішінде Сканерлеу режимінің, Белсенді режим мен бас тарту режимінің деректерін таба алады.
- Соңғы орындалған өлшеуді «Ok» батырмасын басып, дисплейде көруге болады.
- Келесі жазба көрсетілуі үшін, «Last» (Соңғы) батырмасын басыңыз.
- Пайдаланушы мәзірде сақталған жазбалардың кез келгеніне қолжетімді болып, оны басып шығара алады.



## Икемдеулер (Settings)



- Settings (Икемдеулер) мәзірінде пайдаланушы құрылғының кейбір функцияларын өзгерте алады немесе икемдей алады.
- Бұл мәзірде Калибрлеу (Calibration), Тест икемдеулері (Test setting), Баспа (Print), Аккаунт құпиясөзін өзгерту (Account pwd change), Калибрлеу (TP cali) функцияларын және өзге қосалқы мәзірлерді табуға болады.

## Негізгі мәзір -> Икемдеулер -> Калибрлеу

*(Main Menu -> Settings -> Calibration)*

- AlcoStop 8000S алкотестерін әрбір 6 ай сайын калибрлеу керек. Өлшеулердің дәл болуы өте маңызды. Мәзірдің бұл тарауы құпиясөзбен қорғалған. Бұл тарау тек авторландырылған пайдаланушыларға ғана қолжетімді.



## **Негізгі мәзір -> Икемдеулер -> Тестілеу режимінің икемдеулері**

*(Main Menu -> Settings -> Testmode Setting)*

- Мәзірдің бұл тарауында Сканерлеу режимінің икемдеулерін (SM Setting), Белсенді Режим икемдеулерін (AM Setting), және Іске қосу режимін (StartingUp Mode) табуға болады.

### **Тестілеу режимінің икемдеулері -> Сканерлеу режимі -> Шегі**

*Testmode Setting -> SM Setting -> Limit*

- Мәзірдің бұл тарауында пайдаланушы Сканерлеу режимінде кестенің Жасыл және қызыл аймағы үшін шекті мәнді орната алады.

### **Тестілеу режимінің икемдеулері -> Сканерлеу режимі -> Нәтиже**

*Testmode Setting -> SM Setting -> Result Mode*

- Мәзірдің бұл тарауында пайдаланушы Тексеру нәтижесін Сандық (Quantitative) немесе Сапалық (Qualitative) етіп белгілей алады.

### **Тестілеу режимінің икемдеулері -> PMC икемдеулері-> Сканерлеу уақыты**

*Testmode Setting -> PMC Setting -> Scan Time*

- Бұл тарауда пайдаланушы сканерлеу кезеңін өз қажеттіліктеріне сәйкес икемдей алады.

## **Негізгі мәзір -> Икемдеулер -> Баспа**

*(Main Menu -> Settings -> Print)*

- Мәзірдің бұл тарауында пайдаланушы қолтаңбаны қоса алады немесе сөндіре алады. Пайдаланушы қолтаңба туралы ақпаратты енгізе алады.

## **Негізгі мәзір -> Икемдеулер -> Өзге икемдеулер -> Өлшеу бірліктері**

*(Main Menu -> Settings -> Other settings -> Units)*

- Мәзірдің бұл тарауында пайдаланушы сенсорлық экранды пайдалана отырып, және Ok батырмасын басу арқылы қажетті өлшеу бірлігін таңдай алады.

## **Негізгі мәзір -> Икемдеулер -> Өзге икемдеулер -> Калибрлеу туралы ескерту**

*(Main Menu -> Settings -> Other settings -> Cali.Remind)*

- Бұл құрылғы қосылған кезде, келесі калибрлеу туралы ескертуді көрсетеді.
- Пайдаланушы бұл функцияны өз бетімен сөндіре/қоса алады.
- Құрылғыны әрбір 6 ай сайын калибрлеу керек, осылайша, құрылғы қосылған кезде, ол калибрлеу туралы келесі калибрлеу аяқталған сәтке дейін ескертіп тұрады.


**Негізгі мәзір -> Икемдеулер -> Өзге икемдеулер -> Web-қосылу**

*(Main Menu -> Settings -> Other settings ->Web connection)*

- Мәзірдің бұл тарауында пайдаланушы GPS және GPRS функцияларын қоса алады немесе сөндіре алады.
- Бұл икемдеулер тек GPRS және GPS модулімен жабдықталған құрылғыларда ғана қолжетімді.




## Сервистер (Services)



- Мәзірдің бұл тарауы құпиясөзбен қорғалған. Бұл тарау тек авторландырылған пайдаланушыларға ғана қолжетімді.




## Күні және Уақыты (Date & Time)



- Күні және Уақыты (Date & Time) бөлімін таңдап, растау үшін «Ок» батырмасын басыңыз.
- Мысалы, Жылды (Year) икемдеу үшін, экранның жыл нөмірін енгізу жолағын басыңыз да, Жыл (Year) икемдеулерінің интерфейсіне кіріңіз, сосын сенсорлық экранды пайдалана отырып, енгізу үшін қажетті цифрларды басыңыз да, растау үшін «Ок» батырмасын басыңыз.



## Калибрлеу (Calibration)





### Калибрлеу мерзімі туралы ескерту

- Бұл құрылғы қосылған кезде, келесі калибрлеу мерзімі туралы ескертеді.
- Пайдаланушы бұл функцияны Қоса/Сөндіре алады.

- Бұл құрылғы әрбір 6 ай сайын калибрленуі тиіс болғандықтан, оны қосқан кезде калибрлеу мерзімі аяқталатын келесі күнге дейін ескерту көрсетіледі.



## Дыбыс қаттылығының икемдеулері (Voice Set)




Настройки звука

## ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ

### Қосу

1. Қуат батырмасын басып, 2 секунд бойы ұстап тұрыңыз, құрылғы қосылады. Қосылғаннан кейін, құрылғының өзін-өзі тексеруі басталады.
2. Бұл тексеру кезінде дисплейде екі секунд бойы құрылғының логотипі, бағдарламалық жасақтаманың нұсқасы, сондай-ақ келесі калибрлеудің күні мен уақыты сияқты деректер көрсетіледі.



Өзін-өзі тексеру

## Сканерлеу режимі (Scan Mode) – мүштік қолданылмайды


1. Құрылғының сезгіштігі мен дәлдігі құрылғы мен мұрын немесе ауыз арасындағы қашықтыққа тікелей байланысты болады, себебі дем шығару көлемі қоршаған ауамен араласып, дәл анықтау үшін жеткіліксіз болуы мүмкін.
2. Құрылғының кіру тесігі тексеруден өтетін адамның аузына немесе мұрнына айтарлықтай жақын орналасқандығына және 10 см-ден аспайтындығына көз жеткізіңіз. Сөйтіп, деректер дәл және жаза тағайындау үшін негіз бола алатындай болуы тиіс.

Дәлелді қолдану үшін, дәл өлшеулер беретін мүштікпен жабдықталған алкотестерді қолданыңыз.


Тексеру нәтижесі дисплейде көрсетіледі.

### Нұсқаулар

Үнсіз келісім бойынша орнатылған үлгі жинау кезеңі – 5 секунд. Сондай-ақ оны 5-тен 15 секундқа дейінгі аралықта икемдеуге болады. Пайдаланушы бұл икемдеуді Мәзір/Икемдеулер/Сервис/Дем шығаруды икемдеу»-де (Menu/Settings/Service/Blow setting) орындай алады.




3. Талдаудан кейін тест нәтижесі дисплейде көрсетіледі.




4. Егер алынған көрсеткіш шекті жасыл белгіден төмен болса, дисплейде өлшенген ең жоғары мән және тестілеу кезіндегі кесте көрсетіледі. Егер алынған көрсеткіш шекті қызыл белгіден төмен және шекті сары белгіден жоғары болса, дисплейде жоғарыдағы суретте көрсетілгендей сары кесте көрсетілетін болады. Егер алынған көрсеткіш шекті қызыл белгіден жоғары болса, дисплейде қызыл кесте көрсетіледі.

## Дәлелді өлшеулерді өткізу (Белсенді режим – Active Mode) – мүштік қолданылады.

1. Құрылғыны қосыңыз. Өзін-өзі тексеруден кейін, құрылғы Белсенді жұмыс режиміне ауысады (Active Mode).
2. Дисплейде «Ready» (Дайын) жазуы көрсетіледі, мүштік арқылы талдағышқа өкпедегі ауаны деммен шығару қажет.
3. Егер Белсенді жұмыс режимі таңдалса, дем шығарған кезде дыбыстық сигнал естіледі, бұл сигналдар құрылғыға деммен шығарылатын ауа жеткілікті мөлшерде жеткенге дейін тоқтамайды. Бұдан кейін құрылғы автоматты түрде сынаманы талдауға көшеді.




4. Инфрақызыл порт:  
«Infrared» (Инфрақызыл) батырмасын басқан кезде, камера астындағы жарық қызыл түске боялады. «Infrared» (Инфрақызыл) батырмасын екінші қайтара басқан кезде, бұл функция деактивацияланады.
5. Камера:  
Құрылғының Белсенді жұмыс режимінде (Active Mode) дем шығарылған кезде, камера тексеруден өтетін адамды суретке түсіріп, оның суретін тест нәтижелерін басып шығарған кезде көрсетеді.
6. Талдау аяқталғаннан кейін, дисплейде өткізілген өлшеу нәтижелері көрсетіледі.




Ескертпе:

- Белсенді режимде міндетті түрде мүштік пайдалану талап етіледі.
  - Егер өлшеу нәтижесі қолжетімді өлшеу ауқымынан асатын болса (0 – 550 мг/100мл), дисплейде «>550mg/100ml» хабарламасы көрсетіледі.
  - Дем шығару бұзылысы болған жағдайда, дисплейде «blow failure» (дем тарту қатесі) хабарламасы көрсетіледі.
7. Бұл құрылғы сенсорлық экранды пайдалана отырып, машина нөмірін, полицей нөмірін және жүргізуші куәлігінің нөмірін, сондай-ақ орналасқан жері туралы деректерді енгізуге мүмкіндік береді.

## Хабарламаларды енгізу

1. Төменде енгізу аймағы болып табылатын экран көрсетілген. Әріптерге басу үшін сенсорлық экранды пайдаланыңыз.
2. Енгізу барысында қате жіберілген жағдайда, дұрыс емес сөздерді жай ғана  батырмасына басып, тиісті сөздерді дұрысына ауыстыру керек.
3. Енгізіп болғаннан кейін, «CN» (*Car Number* - Автомобильдің нөмірі) сол жақ батырмасын таңдап, автомобильдің нөмірін енгізіңіз.
4. Автомобильдің нөмірі туралы деректерді енгізіп болғаннан кейін, полицей нөмірін енгізу интерфейсіне кіру үшін «PN» (*Police No.* – Полицей нөмірі) батырмасын басыңыз.



## Енгізілген деректерді түзету

Егер пайдаланушы дұрыс енгізілмеген деректерді анықтаса, негізгі мәзірге оралу үшін «Back» (Артқа) батырмасын басу алдында, ол енгізілген деректерді өзгерте немесе жоя алады.

## Нәтижелерді басып шығару

1. Полицей нөмірін енгізгеннен кейін, Жүргізуші куәлігінің нөмірін (License No.) енгізу интерфейсіне кіру үшін «LN» батырмасын басыңыз.
2. Бүкіл ақпарат енгізілгеннен кейін, «OK» батырмасын басыңыз. Жүйе келесі интерфейске көшеді.
3. Нәтижені басып шығару үшін «Print» (Баспа) батырмасын басыңыз. Басып шығарған кезде дисплейде «Printing» (Басып шығару) хабарламасы көрсетіледі.

#### **Назар аударыңыз:**

Негізгі мәзірдің «Record» (Жазу) бөліміне көшіп, сақталған жазулардың кез келгенін басып шығаруға болады, бірнеше нәтиже үшін сенсорлық экрандағы «Print» (Басып шығару) батырмасын қайтадан басыңыз.

#### **Нәтижелерді сақтау**

1. Пайдаланушы «Back» (Артқа) батырмасын басқан немесе құрылғыны сөндірген кезде ғана бүкіл анық және толық енгізілген ақпарат жадыда сақталады. Құрылғы толығымен разрядталған болса да, флэш-жинақтағыштағы деректер мен сақталған нәтижелер жойылмайды.

#### **Назар аударыңыз:**

Пайдаланушы тест деректерін «Result» (Нәтиже) бөлімінде тексеруге болады. Нәтижелерді өзгертуге немесе жоюға болмайды.

2. Құрылғының жадысы 50 000 өлшеу деректерін, соның ішінде көрсетулер, күн, уақыт және жазбаның нөмірі туралы ақпаратты сақтай алады.
3. Флэш-жады толып кеткен кезде автоматты түрде қайта жазылады. Әйтсе де қайта жазылу алдында дабыл сигналы қосылады.
4. Егер жады толып кетсе, ең бірінші жазба автоматты түрде қайта жазылады.
5. Флэш-жадының 90%-ы толып кеткен кезде (мысалы: 45 000 өлшеу), дисплейде ақпараттық хабарлама көрсетіледі.

#### **Келесі тексеру**


1. Егер сіз келесі тестті өткізгіңіз келсе, «Back» (Артқа) батырмасын басыңыз. Құрылғы соңғы өлшеу туралы деректерді сақтап, келесі тестке дайын болады.
2. Егер сіз мәзірдің басқа тарауында шықсаңыз, Негізгі мәзірге оралып, келесі тест үшін Белсенді режимді (Active Mode) таңдаңыз.

#### **Сөндіру**

1. Қуат батырмасын басып, 3 секунд бойы сол күйде ұстап тұрыңыз. Дисплейде кері есеп көрсетіледі.
2. AlcoStop 8000S алкотестері 2,5 минут бойы қолданылмаса, автоматты түрде сөнеді.

*«Сөндіру»*





## КҮТІМ ЖӘНЕ САҚТАУ

### *Күтім*

1. Бұйымды тазалау үшін тек жұмсақ тазартқыш құралдарды қолдануға болады.
2. Тазалау үшін таза спирт, ацетон, скипидар сияқты және басқа да органикалық еріткіштерді пайдалануға тыйым салынады.
3. Сақ болыңыз, құрылғының ішіне су өтпеуін қадағалаңыз.
4. USB-порттың ылғал немесе ластық өтуінен қорғалуын қадағалаңыз.

### *Сенсорлық экранды калибрлеу*

Сенсорлық экранның бетін тазарту үшін тұрпайы, үшкір және қатты заттарды пайдаланбаңыз. Тек жұмсақ матаны қолдануға болады.

### *Сақтау*

Құрылғыны құрғақ және таза жерде сақтаңыз. Бұйымның дәлдігін және ұзақ жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, оған мұқият күтім жасау керек.

### **Калибрлеу және Сервис**

1. AlcoStop 8000S алкотестерін әрбір 6 ай сайын немесе жергілікті заңнамамен белгіленген өзге аралықпен калибрлеп тұру керек. Бұл өлшеу дәлдігін қамтамасыз ету үшін керек.
2. Бұл бұйым тек авторландырылған тұлғаларға ғана қолжетімді.

## АККУМУЛЯТОР ЖӘНЕ ЗАРЯДТАУ

### *Аккумуляторлық батарея*

AlcoStop 8000S қызып кетуден, қысым мен токтың жылыстауынан қорғайтын қорғаныс беті бар сыйымдылығы 2000мА/сағ литий-ионды аккумулятормен жабдықталған. Аккумулятор бір зарядтан 1000 сынаққа дейін орындауға мүмкіндік береді.

Дисплейдің сол жақ бұрышында аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы бар.

Аккумулятор заряды төмен болған кезде экран мен аккумулятор зарядының индикаторы сары түспен жанады, сосын қызыл түспен жанып, төмендегі суреттерде көрсетілгендей, аккумуляторлық батареяны зарядтау қажеттілігі туралы пайдаланушыға ескерту үшін жыпылықтай бастайды:



### **Аккумуляторды зарядтау**

USB зарядтау құрылғысын немесе тұтандырғыштан зарядтау құрылғысын (9В, 1А) орнатыңыз, дисплейде «Charging»(Зарядтау) хабарламасы көрсетіледі. Егер қандай да бір себеппен зарядтау процесі тоқтатылса, «Charging Stop» (Зарядтауды тоқтату) хабарламасы көрсетіледі.



## **БҰЗЫЛЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ**

### **- СКАНЕРЛЕУ РЕЖИМІ (SCAN MODE)**

<b>Қате туралы хабарлама</b>	<b>Себептер</b>	<b>Жою</b>
Тексерілетін тұлға алкоголь қабылдаса да, құрылғы алкогольдің болуын анықтайды.	Құрылғыда алдыңғы тесттен алкогольі бар қалдық сынама қалған, немесе алдыңғы өлшеу тым жоғары нәтиже көрсеткен.	Алдыңғы тесттен кейін 15 секунд күте тұрып, тексеруді қайтадан өткізу керек.

Құрылғы Сканерлеу режимінде сынамада алкогольдің бар екендігін анықтайды, бірақ басқа тест «0» мәнін көрсетеді.	Құрылғының сезгіштігі (0,5мм/100мл) > 5мг/100мл.	Тестті өткізу үшін басқа құрылғыны пайдаланыңыз.
Мас адамның өлшеу көрсеткіштері нөлге тең.	Сенсор бұзылған, сезгіштігі төмен. Қоршаған ортаның температурасы тым төмен. Ауыз бен құрылғы арасындағы қашықтық тым үлкен. Сынамаларды іріктеу порты жабық.	Этанолдың сенсорын жаңасына ауыстырыңыз. Қайтадан калибрлеңіз. Құрылғыны ауызға жақын орналастырыңыз. Мүштікті ауыстырыңыз.
Бірнеше сағат пайдаланғаннан кейін қуаттандыру жоқ.	Аккумулятор бұзылған.	Аккумуляторды жаңасына ауыстырыңыз.

#### - БЕЛСЕНДІ РЕЖИМ (ACTIVE MODE)

Қате туралы хабарлама	Себептер	Жою
Дем шығару бұзылысы «Blow failure»	Дем шығару тоқтатылған немесе 1,0 л-ге жетпейді.	Дем шығаруды қайтадан орындап, көлемді 1,0л-ге жеткізіңіз.
Калибрлеу қатесі «Calibration Error»	Калибрлеу қатесі.	Қайта калибрлеуді орындаңыз.
Калибрлеу мерзімі аяқталған «Calibration Expired»	Калибрлеу мерзімі аяқталған.	Қайта калибрлеуді орындаңыз.
Екі өлшеу арасындағы айырмашылық үлкен	Тестілеу алкогольді тікелей пайдаланғаннан кейін өткізілген, ауызда алкоголь қалдықтары қалады.	Екінші қайтара тестті 5 минуттан кейін орындаңыз, егер екі мәнің арасында 10% айырмашылық болса, онда ауызда алкоголь қалдықтары қалған. 15 минут күте тұрып, екінші қайтара тестті өткізіңіз.
Алкоголь иісі сезіледі, бірақ өлшеу көрсеткіштері нөлге тең.	Алкотестердің өлшеу көрсеткіші 3мг/100мл мәнінен төмен, «0» мәнін көрсетеді, немесе құрылғы бұзылған.	Басқа құрылғыны пайдаланыңыз. Немесе қан талдауын орындаңыз. Құрылғыны сервистік орталыққа жөнелтіңіз.

Сынама жинау жүйесінің бұзылысы «Sampling system Error »	Құрылғы дұрыс жұмыс істемейді – бірақ өлшеу нәтижесіне теріс әсер етеді. Сынама жинау жүйесінің қатесі.	Өлшеуді қайта өткізіңіз, осындай қате қайтадан пайда болса, сервистік мамандардың көмегіне жүгініңіз.
Уақыт қатесі «Time Error»	Құрылғы дұрыс жұмыс істемейді – бірақ өлшеу нәтижесіне теріс әсер етпейді. Күн мен уақыттың бұзылысы.	Бұл бұзылыс өткізілетін тексерулердің дәлдігіне әсер етпейді, бірақ осы қате қайтадан пайда болмауы үшін сервистік орталыққа жүгіну керек.
Температура қатесі «Temperature Error»	Қоршаған орта температурасы ұйғарынды шектен асады.	Өлшеу көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін. Температурасы ұйғарынды шектерде болатын басқа ортаға барыңыз.
Жады қатесі «Memory Error»	Құрылғы дұрыс жұмыс істемейді – бірақ өлшеу нәтижесіне теріс әсер етеді. Құрылғының жадысынан ақпаратты шығару немесе ақпаратты жадыға жазу мүмкін емес.	Бәлкім, жаңа күн жазылуы мүмкін, ал ескі күн оқылмайды. Тағы бір тест өткізіңіз, осындай қате қайтадан пайда болса, сервистік орталықтың көмегіне жүгініңіз.
Жады толып кеткен «Memory Full»	Құрылғының жадысында бос орын жеткіліксіз. Құрылғының жадысы толып кеткен.	Кейбір деректерді жойыңыз. Сервистік мамандардың көмегіне жүгініңіз.
Қағаз қатесі «Paper Error»	Қағаз жоқ.	Құрылғыдағы қағазды ауыстырыңыз.

## ТЕХНИКАЛЫҚ АЙРЫҚШАЛАМА

<b>Құрылғы:</b>	
Өлшеулер режимі:	Белсенді режим және Сканерлеу режимі
Өлшеулер ауқымы:	(0-5.50)г/л (Қандағы Алкоголь Концентрациясы)
<b>Дәлдік:</b>	
Ауқым (0 -0,88) г/л	± 0,44 г/л
Ауқым (0,88 – 2,20) г/л	абсолютті шамадан ± 5 %
Ауқым >2,20 г/л	абсолютті шамадан ± 20 %
Өлшеу ауқымы (Деммен шығарылатын ауадағы Алкоголь Буларының Концентрациясы)	(0-2.62) мг/л (Деммен шығарылатын ауадағы Алкоголь Буларының Концентрациясы)
<b>Дәлдік:</b>	
Ауқым (0,00 -0,42) мг/л	± 0,021 мг/л
Ауқым (0,40 – 1,05) мг/л	абсолютті шамадан ± 5 %
Ауқым >1,05 мг/л	абсолютті шамадан ± 20 %
<b>Қоршаған орта шарттары:</b>	
Жұмыс температурасы:	-0°C - +40°C
Сақтау температурасы:	- 30 °C - +70 °C
Қысым:	600- 1400 гПа
Салыстырмалы ылғалдылық:	15 - 95 %
Ең төмен көлем:	1.0 л
<b>Аккумулятор:</b>	
Түрі:	7.4V, 2000мА/сағ, қайта зарядталатын литий-ионды аккумуляторлық батарея
Бір зарядтаудан жасалатын өлшеулер саны:	1000 тесттен астам.
<b>Құрылғы интерфейсі:</b>	
	Деректерді USB портын пайдалана отырып принтерге немесе ДК-ге таратуға болады.
Өлшемдері (Ұ х Е х Б):	200 мм 104 мм х 37 мм
Салмағы:	357 г, аккумулятормен
<b>Өзге Параметрлер:</b>	
Алдын ала қыздыру уақыты:	Шамамен 5 секунд
Нөлге теңеу уақыты:	
Алдыңғы өлшеу: 0 мг/100мл:	шамамен 3 сек.
Алдыңғы өлшеу: <100 mg/100ml	шамамен 5 сек.
Алдыңғы өлшеу: >100 mg/100ml:	шамамен 7 сек.
Сенсордың түрі:	Жылдам әсер ететін отын ұяшығы
Принтер:	Кіріктірілген термопринтер
Жолақтар:	Автомобиль нөмірі, Полицей нөмірі, Жүргізуші куәлігінің нөмірі
Айқыш сезгіштік:	Жоқ
Мүштік:	Бір рет қолдануға арналған, бір бағытты
Өлшеу бірліктері:	%ВАС, мг/л ВгАС, мг/100мл ВАС Тапсырыс берушінің өтініші бойынша қосылады
Пайдаланушының интерфейсі:	Мәзір арқылы жұмыс
Батырмалар:	Сенсорлық экран, 2 батырма
Энергия үнемдеу режимі:	2.5 мин жұмыссыз тұрғаннан кейін автоматты түрде сөнеді
Басқару интерфейсі:	Түрлі-түсті TFT – дисплей, 4.0 дюйм
Жады:	Күні мен уақыты көрсетілген 30 000 өлшеу көрсеткішіне дейін.

Бағдарламалық жасақтама:	ДК арқылы деректерді басқаруға, деректерді таратуға арналған бағдарламалық жасақтама, сақтау опциясы.
Калибрлеу:	Әрбір 6 ай, немесе жергілікті билік органдарының талабы бойынша.
<b>Камера:</b>	
Пиксельдер:	5 млн.пиксель, Автоматты фокустандыру
Инфрақызыл порт:	Бар
Саусақ ізі:	Бар

**Предприятие-изготовитель:** Компания **Justec Shenzhen Co.,Ltd.**, Гонконг.

**Импортер:** ТОО «Медицинские Газовые Системы». Республика Казахстан, 050040 г, Алматы, мкр-н Коктем-2, д.11А, оф. 3, тел. 8(727) 387-20-31, 8(727) 262-20-83.  
[www.alcotester.kz](http://www.alcotester.kz); эл. почта: [info@mgs.kz](mailto:info@mgs.kz)

**Уполномоченный производителем сервисный центр в Республике Казахстане:**  
ТОО «Медицинские Газовые Системы». Республика Казахстан, 050040 г, Алматы, мкр-н Коктем-2, д.11А, оф. 3, тел. 8(727) 387-20-31, 8(727) 262-20-83.  
[www.alcotester.kz](http://www.alcotester.kz); эл. почта: [info@mgs.kz](mailto:info@mgs.kz)